



16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Меншікті бөлу: әлеуметтік әділеттілік  
мәселесі





## Еркіндік және меншік. Меншік – абсолютті құндылық. Табыс шеруі.

Біз ақыл-есі бар, алайда, адамзат табиғаты бейтаныс бір тіршілік иесі, өзімен өзі қандай әділдік немесе мүлік ережелері қоғамдық мүддені ілгерілетіп (ең жақсы дамытып) және адамзат арасында бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатуға себін тигізер еді деп ойланып отырған жағдайды қарастырайық: Оның ең айқын ойы ең үлкен мүлікті ең жоғарғы адамгершілікке (мейірімділікке) беру және әрқайсысына оның бейімділігіне сәйкес жақсылық жасауға мүмкіндік беру болар еді ... алайда егер адамзат осындай заңды қабылдайтын болса ... ол тікелей қоғамның толық ыдырауына алып келер еді (оның тікелей салдары қоғамның ыдырауы болар еді).

(Юм, Зерттеулер, Мораль принциптеріне қатысты зерттеулер, басылым. L. A. Selby-Bigge ([1751], 3 ші басылым, Оксфорд: Оксфорд университетінің басылымы, 1975) 192-3)

## Еркіндік және меншік

Мүлік қалай бөлінуі тиіс? ДЭВИД ЮМ (1711–1776) айтуынша, бұл қиындықтарға толы тақырып. Бұл сұраққа анық жауаптар зиян салдары бар аңғал болуы мүмкін.

Милльдің пікірі тұрғысынан, азаматтардың еркіндігі әркімнің зиян тигізуінен қорғауды талап етеді. Милль үшін зиян тигізудің бір түрі ол мүлікке зиян келтіру, яғни ұрлық, алаяқтық немесе залал келтіру. Бірақ, оның айтуынша, біздің нарықтың қалыпты жұмыс істеу салдарынан қорғалуға құқығымыз жоқ, сондай-ақ, экономикалық бәсекелестіктен қорғалу құқығымыз жоқ.

Әділ бөлу заңдарының қаралуына байланысты, Милль жеке меншік мәселесіне баса назар аударады. Іс жүзінде, мүліктік қатынастар табыстарды бөлу бағыттары мен пропорцияларынан қалыптасады дейді Милль. Милль социализмді жоққа шығармады, бірақ оны жеке меншік қатынастарға болжамды балама ретінде ғана қарастырды. Милль бәсекелестікті қарастырады, ол бәсеке негізгі үш топ иелері - жер, капитал және еңбек иелерінің белгілі бір топтарында орын алады.

Милль мемлекеттің экономикаға араласпауы, еркін бәсеке капитализмін қолдайды, ол кем дегенде жеке тұлғалардың қазіргі моральдік жетілмеген күйіне қатысты. (Кейінгі жұмысында, Социализмне арналған тарауларда (1879), ол болашақта моральдық жетілген адамдардың экономикалық өмірлерін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді түрі социализм деп пайымдады. Милль сондай ақ, жеке тұлға мемлекетті басқару бойынша өз шығындарының үлесін төлеуге міндетті, сондай-ақ өздерінің өмірін өздері қамтамасыз етуге қабілетсіз адамдарға қамқорлық көрсету үшін адамдарға салық салынуы тиіс деп болжайды.

Қандай деңгейде осындай саясатқа бейілділік, еркіндік құндылығын мойындаудың салдары болып табылады?

Ал меншік жүйесінің әділдігін бағалау кезінде басқа қандай құндылықтар маңызды? Шын мәнінде, дистрибутивті әділеттілік бойынша өз көзқарастарын қорғай отырып, Милль утилитаризмге тікелей жүгінеді.

Локк сияқты тағы басқа ойшылдар, әділ меншік жүйесін қалыптастырғанда, біз табиғи меншік құқығына жүгінуіміз керек деп ойлады. Одан басқалары теңдік идеясына маңызды көңіл бөлген.

Бір сәтке, еркіндік құндылығын қабылдаудың дистрибутивті әділдік мәселесіне қатысты қандай да бір салдары бар ма деген жағдайды қарастырайық. Либералды қоғам мүлікті қалай бөлуі тиіс? Бұған қатысты түрлі пікірлер бар.

## Меншік - абсолютті құндылық

Локк бастаған бір дәстүрлі бағыт, еркіндікті бағалау, меншіктің өте мықты табиғи құқықтарын мойындауды талап етеді. Бұл көзқарастың либералды дамуында, оның жарқын мысалы ретінде Гарвардтық философ Роберт Нозиктің (1938-2002) 1974 жылында жарияланған «Анархия, Мемлекет және Утопия» еңбегін атаса болады, - бұл құқықтардың мықтылығы соншалықты, мемлекеттің оларға араласуға құқығы жоқ. Нозиктің «минималды мемлекетіндегі» Үкімет адамдардың жеке меншік құқықтарын қорғауға міндетті, алайда, ол азаматтарды бір-бірінен және шетелдік басқыншылардан қорғауға тиісті деңгейден тыс салық сала алмайды. Атап айтқанда, осы тұрғыдан, Мемлекет меншікті біреулерден (байлардан) екіншілерге (кедейлерге) алып беруге тырысса, онда ол жеке меншік құқықтарын бұзады. Бөлу (үлестіру) кедергісіз еркін нарықтың, сыйлықтар мен ерікті қайырымдылық іс-әрекеттердің үлесіне берілуі тиіс.

Осылайша, либертаризм жеке тұлғаның еркіндік құндылығынан капитализмнің таза түріне өтуге



тырысады. Шын мәнінде, бұл жеке тұлғаның меншігін оның «қорғалатын саласына» орналастырады, онда оған жеке тұлғаның келісімінсіз ешкім де, үкімет те қол сұға алмайды.

Бұған қарсы көзқарасқа сәйкес, либертариандық сөзсіз меншіктің үлкен теңсіздігіне әкеледі, бұл, өз кезегінде, еркіндік үшін зиянды салдары болады — немесе, кем дегенде, кедейлердің мүмкіндіктеріне зиян тигізеді.

Ол - Әлеуметтік либерализм. Бұл көзқарасқа сәйкес барлығына тең еркіндікті қамтамасыз ету үшін мүліктер байлардан табысы аз адамдарға қайта үлестірілуі тиіс. Меншік индивидтің қорғалған саласынан тыс қалады және үкімет еркіндік пен әділдікті қорғау мақсатын жүзеге асыру үшін, қажет болған жағдайда және сол елдің заңдарын ескере отырып, бақылау мен араласуды жүзеге асыруға міндетті. Әлеуметтік либерализмнің ең маңызды нұсқасы Нозиктің Гарвардтық әріптесі Джон Роулздің ДЖОН РОУЛЗ (1921–2002) 1971 жылы жарияланған (Нозик кітабының шығуынан үш жыл бұрын) «Әділдік теориясында» қамтылған. Шын мәнінде, Роулздың жұмысы, оның қорғаушыларлы болсын не Нозик сияқты оның қарсыластары болсын, қазіргі таңдағы саяси философияға көп ықпалын тигізді. Қазіргі саяси философияның басым бөлігі осы Роулздың жұмысын қорғау немесе Нозик тәрізді қарсы көзқарастардан шабыт алған болатын).

Осылайша, Нозик пен Роулз дистрибутивті әділдігі мәселесіне қатысты әр түрлі жауаптар береді. Толық ойластырылған көзқарас бірқатар сұрақтарға жауаптарды талап етеді. Меншікке табиғи құқықтар бар ма? Немесе табиғи жеке меншік құқықтары бар ма? Олай болған жағдайда, еркін нарық үшін қандай орын ойластырылған? Біз әл-ауқаттың үлкен теңсіздігіне төзімділікпен қарай аламыз ба? Үкіметтің рөлі қандай болуы керек? Бұл сұрақтарға жауаптар да аз емес. Алайда қандай жауабы дұрыс?

## Табыс шеруі

Белгілі бір ой түйіннің көмегінсіз бұл сұрақтарға бірден шому қиынға соғады. Әділ бөлу мәселесі - бұл игіліктер қалай бөліну керек деген мәселе. Және, шамасы «заттар қалай болуы тиіс» деген ойды дамытудың тамаша тәсілінің бірі «заттардың өзі қалай екендігі туралы ойлау» деген мәселені қарастыру болар. Сондықтан, біз кейбір фактілерден бастауымыз керек шығар.

Шикі табыс статистикасы, әрине, пайдалы болғанымен, бізге жиі келе бермейді. Халықтың тек алғашқы бірнеше пайызы ғана байлықтың осындай маңызды бөлігін иеленетінін айту өте жақсы, алайда, мұндай құрғақ сандардың мәнін бағалау қиын, ол сөзсіз пайдалы болса да, жиі сәйкес келмейді.

Осы себептен голландиялық экономист Ян Пен 1971 жылы «Кірістерді бөлу» атты еңбегінде Ұлыбританиядағы кірістерді бөлу туралы фактілерді мүлде басқаша көрсетуді ұйғарды. Әрине, 1971 жылдан бері көп нәрсе өзгерді, алайда Пеннің деректерді ұсыну тәсілінің мықтылығы соншалықты, ол біздің мысалымызды бастаудың тамаша жолы болып қала береді.

Пен бізге Ұлыбритания экономикасында, әлеуметтік қамтамасыз етуді алатындардан бастап, кез келген жалақы табатындардың орасан зор шеруді елестетуді ұсынады. Үлкен шеру табыс көлеміне қарай бір қатармен жүріп келеді, оның алдында табыстары аз, болса артқы қатарда табысы мол адамдар орналасқан.

Бұл бүкіл шеру бізді бір сағат ішінде айналып өтеді деп ойлауымыз керек. Шерудің ерекшелігі - әркімнің бойы оның салық төлегенге дейінгі табысымен анықталады. Яғни, сіз неғұрлым көп тапсаңыз, соғұрлым биік боласыз, жоғары тұрасыз. Орташа жалақы табатын адамдардың бойы орташа болады, ал екі есе көп табыс табатын адамдардың бойы екі есе көп болады және т. б. Көрсеткіштер ретінде біз орташа бойлымыз және біз шеруді тамашалап отырмыз деп ойлайық. Көрініс қандай болмақ?

Алғашқы, бірнеше секунд ішінде біз жағымсыз аласа бойлары бар ерекше адамдарды көреміз. Бұл кәсіпорындары шығынға батқан адамдар. Бірақ көп ұзамай олардың орнын сіріңке немесе темекі мөлшердегі адамдар басады. 1971 жылы бұл, әдетте, бір апта бойы ғана немесе сол шамада ғана жұмыс істеген және сол себепті жылдық табысы болмаған тұрмыс құрған әйелдер, қағаздан бұйым жасаған оқушылар немесе кездейсоқ жұмыс істегендер және т.б. болды.

Бұл адамдардың өтуі бес минут алады, және он минуттан кейін бойы 2 жастағы балаға сәйкес келетін 3 фут бойы бар адамдар өте бастайды. Оларға өздерін нашар сезінетін, көптеген жұмыссыздар, қартайған зейнеткерлер, ажырасқан әйелдер, кейбір жастар мен істері аса жүре қоймаған дүкен иелері жатады.

Одан әрі жалақысы төмен секторлардағы қарапайым қызметкерлер жүреді. Қоқыс тасымалдаушылар, көлік жүргізушілер, кейбір шахтерлер, біліксіз клерктер және біліктілігі жоқ қара күш жұмысшылар. Бұл топтың қатарында көптеген қара және азиаттық нәсілділер өте көп. Он бес минуттан кейін шеруге қатысушыларлардың бойы төрт фут биіктікке жетеді. Келесі он бес минут ішінде биіктік аз ғана өзгеріске



Кітап: Саяси философияға кіріспе  
Дәріс: Меншікті бөлу: әлеуметтік әділеттілік мәселесі  
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

ұшырайды, өйткені шеруді айтарлықтай дайындығы бар білікті өнеркәсіптік жұмысшылар мен кеңсе қызметкерлері жалғастырады.

Дәл осы тұста, Пен өзі түсініктеме береді: «Біз шеру бір сағатқа созылатынын білеміз және жарты сағаттан кейін шеруге қатысушылардың көздеріне тік қарай аламыз деп күткен болармыз, алайда, бұл олай болмай шықты. Біз әлі де олардың бастарына жоғарыдан төмен қарап тұрмыз» (Кірістерді бөлу, 51). Біз орта бойлы адамдарды көргенше қырық бес минут өтті. Олардың арасында мұғалімдер, мемлекеттік қызметшілер, шағын дүкен ұстаушылар, бригадирлер және бірнеше фермерлер бар.

Соңғы алты минутта ең мықты 10 пайыз келген кезде шеру сенсациялық сипатқа айналады. Шамамен 6 фут 6 дюйм бойлы топтың арасында біз директорларды, әр түрлі жұмыстарда қызметке тұрған университеттердің жас түлектерін, көп фермерлер мен департаменттер басшыларын көреміз, олардың көпшілігі осы топ-10 пайызды құрайтындығы жөнінде түсініктері де болмады. Содан кейін, соңғы бірнеше минутта, «кенеттен алыштар пайда болады». Табысы аса жоғары емес, 18 фут бойы бар адвокат, алғашқы дәрігерлер, 7, 8, 9 ярд (ара қашықтық). Бірінші бухгалтерлер. Соңғы сәтте 9 ярд бойы бар университет профессорлары, басқарушылар—10 ярд; тұрақты хатшы-13 ярд; Жоғары Сот судьялары, бухгалтерлер, көз хирургтері-20 ярд және одан да көп.

Соңғы бірнеше секундтарда біз зәулім құрылыстардың көлеміндей адамдарды көреміз, олар бизнесмендер, ірі компаниялардың басқарушылары, кино жұлдыздары, корольдік отбасы мүшелері. Ханзада Филипптің бойы - 60 ярд, әнші Том Джонстың бойы шамамен мильге жетіп қалады. Артынан 10-нан 20 мильге дейін жететін Джон Пол Гетти келеді.

Біз байқағанымыздай, бұл сандар, әрине, өте ескі (мерзімдері өткен). Жаңартылған нұсқада жаңа технологиялардың кәсіпкерлері мен хедж-қорлардың менеджерлері соңғы секундта көрінеді, ал соңғы бірнеше минут ішінде заңгерлер, бухгалтерлер, банкирлер, биржалық брокерлер және мемлекеттік сектор қызметкерлерімен компания директорлары басым болады. Дегенмен осыдан бірнеше он жыл бұрын болған жерден әлдеқайда алысырақ тұрады. Алайда, олардың нақты мерзімі анықталған болса да, осылайша ұсынылған статистика өте таңқаларлық. Бұл пікірді кез келген тең емес қоғамда бірдене дұрыс болмауы мүмкін деген ойсыз оқу қиын.

Алайда, Осындай реакция орынды ма? Басқа да жауап түрлері болуы мүмкін. Олардың бірі шеру бізге дұрыс ойластырылған тұжырым шығару үшін жеткілікті ақпарат бермейді. Тағы бір, қосымша реакция-шеру бізді маңызды адасушылыққа алып келеді. Осы соңғы көзқарасты дамыта отырып, бұл құрғақ деректердің жалған «ғылыми» көрсетілуі бізге қазіргі қоғамның әділетсіз екендігін көрсеткісі келген жақтың «құндылықтарымен анықталған» деген тұжырымды алға тартуға болады.

Қазіргі жүйені жақтаушы жағдайды әрине осылай көрсетпесі анық. Сонымен, егер шеру адасушылық болса, ол қалай болғаны? Ол нені тым асыра сілтеп, бұрмалап немесе есепке алмай отыр? Пеннің өзі «бақыла бірліктің» табиғатына күмән келтіреді, яғни шеру экономикада қандай да бір табыс табатындардың барлығын камтиды. Тиісінше, шерудің кейбір әсерлі жерлері балалардың, сонымен бірге бірнеше апта немесе аптасына бірнеше сағат жұмыс істеген әйелдердің және тек өз жалақысын өмір сүруге тырыспайды басқа адамдардың бос уақытында жұмысқа қабылдау нәтижесі болып табылады. Бұл адамдар, әдетте, отбасылық жиынтық табысы неғұрлым маңызды болатын отбасы мүшелері болып табылады. Осылайша, егер біз отбасыларды немесе үй шаруашылықтарын салыстырудың негізгі бірлігі ретінде қарастыратын болсақ, онда ең төмен табыстардың көпшілігі жойылады.

Бұған әлдеқайда философиялық қарсылық - бұл деректерді осындай жолмен ұсыну іске қатысты көптеген фактілерді елемейді. Мысалы, біз олардың өздерінің ақшаларына қалай қол жеткізген білмейміз, олар оны адал сауда, ұрлық немесе алаяқтық арқылы қол жеткізуі мүмкін, немесе ынталы еңбекпен немесе басқаларды пайдалануға арқылы жетуі мүмкін. Біз осы нәрселерді білмей, қоғамның әділдігін қалай бағалай аламыз?